

АУДАНДАҒЫ АУҚЫМДЫ ІСТЕР

5-БЕТ | МӘСЛИХАТ



ЖҰМЕКЕННІҢ ЖҰЛДЫЗЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті, тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.

2-3

№141
(4885)
Сенбі
29 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғимаратында қалалық Жастар саясаты жөніндегі басқарма мен оқу орны бірлесіп ұйымдастырған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті.

Жиында 100-ге жуық жұмыс беруші ұйымдар бос жұмыс орындарын ұсынды. Осы іске үлес қосқан «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының өкілі Олжас Амангелді қазір жастар арасында цифрлық салаларға, PR мен менеджментке, құрылыс мамандарына сұраныс жоғары екенін айтады. Жәрмеңке «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында өтті.

СОҒЫМ КЕРЕК ПЕ?

Астанада 29-30 қараша күндері кезекті «Соғым-FEST» ет жәрмеңкесі өтеді. Іс-шараға Ақмола, Абай, Қарағанды, Түркістан және Павлодар облыстарының фермерлері қатысады.

Жәрмеңке «Керуен жол» сауда орталығының автотұрағы аумағында (Алаш тас жолы, 35Б) өтеді. Сондай-ақ осы күндері сауда орталығында астаналықтар арасында танымал қалалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі де өтеді. Онда жергілікті фермерлер мен Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген өндірушілердің өнімдері ұсынылады.



Сұлтан СЕЙІТ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ

Астананың құрылыс саласындағы өзекті мәселелердің бірі – рұқсатсыз құрылыс, жобалық және қауіпсіздік талаптарын бұзып нысан салу. 2025 жылы сәулет-құрылыс бойынша бақылау нәтижесінде 576 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 308 міндетті нұсқама берілген, 764 айыппұл салынды, оның жалпы сомасы 308 млн теңгеден асты.

Астанада қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нүркеновтің төрағалығымен құрылысшылармен құрылыс нысандарында заңдылықты сақтау мәселелері бойынша кезекті жиын өтті.

Қалада қазіргі уақытта шамамен 1 263 нысан салынып жатыр, оның 322-сі – көппәтерлі тұрғын үйлер. 2025 жылы Астанада сот шешімдері мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының нұсқамалары негізінде 15 нысан бұзылған.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Ғани Тажиев заң талаптарын елемеуге, сапаны үнемдеуге немесе нормаларды бұзуға әрекеттенетін кез келген жағдайға жауапкершілік шаралары қолданылатындығын, соның ішінде құрылыс жұмыстарын тоқтату және айыппұл салу қарастырылатынын атап өтті.



ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ГАЗ ТАРТЫЛДЫ

Байқоңыр ауданындағы «Кирпичный» елді мекеніне газ құбыры тартылды. Бұл аумақтағы 255 үй табиғи газға қосылады. «QazaqGaz Aimaq» АҚ Астана өндірістік филиалының директоры Уәлихан Қымбатов «Кирпичный» алабын газдандыру үшін №1 жылу-электр орталығынан жоғары қысымды 18 шақырымдық газ құбыры тартылғанын мәлім етті.

Газ құбырының өткізу қабілеті сағатына 5 мың текше метрден асады. Газ құбырына жалғану үшін төрт құжат қажет: жеке куәлік, техникалық төлқұжат, жер актісі және үйдің меншік құжаттары. Өтінішті eGov арқылы онлайн беруге болады. Өнеркәсіптік аймақтағы елді мекен бұрын жер үйлердің мұржасынан шыққан түтінге тұншығып тұрушы еді. Газ тартылғаннан кейін ауа тазарып, экологиялық ахуал жақсаратыны сөзсіз. Газ алғаш берілген күні 15 үйдің қожайыны қажетті құжаттарын қолына алыпты. Ал салтанатты рәсімге қатысқан Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді Астана енді толық газдандырылғанын мәлімдеді.

29 қарашадан бастап Астанада жаңа үш бағдар бойынша автобустар жолға шығып, жолаушыларға қызмет көрсетеді. №65 бағыттағы автобус Болашақ көшесі мен «Отау» шағын ауданының аралығын жалғайды. Ал №68 бағыттағы автобус «Газмашаппарат» АҚ мен «Бағыстан» тұрғын үй кешені аралығы бойынша қатынайды. Бұл бағытта тура жүретін автобустың жоқтығы жолаушылардың тарапынан жиі-жиі айтылып келіп еді. Тағы бір жаңа бағыт - №78 автобус. Ол Ұлттық жедел медициналық үйлестіру орталығы мен №64 мектеп-лицейдің арасына жүреді.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 597.32 $ USD/KZT 518.19 ₽ RUB/KZT 6.43 ¥ CNY/KZT 72.84

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№141 (4885) 29/11/2025 Сенбі



ӘКІМ ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІН АҚТАУЫ ТИІС

Кеше Астанада ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін айқындады. Сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

ҚҰРМЕТТІ АУЫЛ ӘКІМДЕРІ!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз.

Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет.

Баршаңызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуға арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың рөлі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ партияларды тіркеу талаптары едәуір жеңілдеді. Нәтижесінде Мәжілістегі саяси партиялардың саны көбейді.

Билік жүйесінде жаңа институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Кассациялық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеңістікте дәл осындай кең ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айтуға болады. Соның арқасында азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады.

2020 жылы халыққа Жолдауымда ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Сондықтан біз орынсыз асығыстыққа жол берген жоқпыз, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырдық. Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі.

Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ал аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуда. Бұл мәселені Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз оң нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек.

Бәріңізге белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттік жастар кадрлық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды.

Кадрлар құрамын жаңарту үдерісі биліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бірақ осындай жауапты жұмыста саяси науқаншылдыққа жол бермеу керек. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет. Біз осы маңызды жұмысты жалғастыра береміз.

ҚҰРМЕТТІ ӘКІМДЕР!

Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады.

Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек. Сондықтан алдымен ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс.

Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті.

Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек.

Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды.

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Amanat» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек.

Ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылдануы керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

ЕКІНШІ. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек.

Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді.

Дегенмен заңнаманың екіұшты тұстары да бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді. Бүгін әкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет.

Міне, осындай кемшіліктердің салдарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дәрменсіз күйге түседі. Оған жол беруге болмайды. Жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санаймын. Заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде депутаттарға осы жайттарды ескеруді ұсынамын. Сондай-ақ осы жиында ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстарды да ескерген жөн.

Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?! Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені айналып өте алмаймыз. Бұл – өте өзекті дүние. Аталған ұсыныс бұған дейін де бірнеше рет көтерілгенін, тіпті, Президент Әкімшілігіне тиісті өтініштер түскенін жақсы білемін. Мемлекеттік қызметшілердің санаттарын нақты белгілеу керек. Үкімет Парламентпен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, бір ай ішінде өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады.

Ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін қолдауға ерекше көңіл бөлген жөн. Әкімдіктерде, әсіресе, ауыл әкімдіктерінде бұрын жұмыс істеген немесе қазір де еңбек етіп жүрген азаматтар мұны мемлекеттік қызметшінің нағыз өмір мектебі деп бекер айтпайды. Бұл баршаға түсінікті. Өйткені әкімдік қызметкерлері билік пен бұқара арасындағы сенімді әрі сындарлы диалог жүргізуді меңгеріп, нағыз басқару машығын жетілдіреді. Сол себепті ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің жұмыс істеуіне, олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау маңызды деп санаймын.

ҮШІНШІ. Әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшеюі керек.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.

Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады.

Мемлекет басшысы ретінде менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінімді білесіздер. Елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазір ауыл әкімі бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуге тиіс. Әдетте, мұндай хаттардың көбі аймақтағы инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады. Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер.

Бірақ әкімдіктер көп жағдайда мұндай өтініштерге атүсті қарайды. Амалы таусылған жұрт орталыққа, тіпті, Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр. Азаматтардың өз әкіміне деген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады.

Жыл өткен сайын халықтың

талап-тілегі артып келеді. Бұл – бүкіл әлемге ортақ үрдіс. Әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бірақ бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отырған жөн.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсыныстарды ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл – барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады.

Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат.

ТӨРТІНШІ. Төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру керек.

Әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізілуге тиіс. Әйтпесе аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Ауылдық округтердің өзін-өзі қамту деңгейін арттыру мақсатында бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі берілді.

Жаңа Бюджет кодексі аясында бұл тізбекке кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығы да қосылды. Төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері (2018 жыл) ауылдық округтердегі түсім төрт есе ұлғайтып, 130 миллиард теңгеден асты.

Оң өзгеріс байқалады. Алайда ауылдық округтер аудан мен облыстың қаржылай қолдауынсыз әлеуметтік-экономикалық мәселелерді әлі де шеше алмайды. Оған қоса кейбір өңірлерде жергілікті бюджетте халықтың саны мен ауылдық округтердің экономикалық құрылымына байланысты алшақтық бар.

Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ең бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл – өте дұрыс. Десек те жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтарда пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырғаны дұрыс болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс.

Заңды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылғаны жөн. Мұның бәрін Үкімет өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет.

Бірқатар өңір тұрғындары үшін экологиялық айыппұлдарды толық төлеу – аса өзекті мәселе. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Олар бұған толық құқылы. Байқалған теңсіздікті реттеп, мемлекеттік саясаттың ашықтығын, тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл – Үкімет жұмысының маңызды бағыты.

Үкімет өңірдегі бюджет деңгейлері арасында қазынадан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет.

Цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық округтерсіз құру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдері де белсенді түрде атсалысқаны жөн. Елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын айтарлықтай теңестіреді. Сондықтан Үкімет бұл бағыттағы жұмысты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыруы қажет. Жергілікті жерлерден алынған нақты әрі жедел ақпарат орталықта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экономикалық дерекқор негізін қалап, ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді.

Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Болашақта еліміздің әлемде алатын орны осыған тікелей байланысты. Сондықтан мұны тіршілік үшін талас десек, артық айтқандық емес.

Осы аптада Президент Дональд Трамп АҚШ-тың технология саласындағы жаһандық үстемдігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық бастамасын жариялады. Ол үшін жасанды интеллектінің бірыңғай платформасы құрылады. Бұл ғылыми зертханаларды, дата орталықтарды, цифрлық модельдерді және суперкомпьютер желісін біріктіретін ұлттық ақыл-ой алаңы болмақ. Аталған жүйе барлық аса маңызды бағыт бойынша жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге тың серпін береді. Ол жартылай өткізгіштерден бастап роботты техникаға дейінгі, ядролық энергетикадан бастап биомедицинаға дейінгі салаларды түгел қамтиды. Бұл арада зерттеу жобасы жайында емес, АҚШ-ты осы салада әлемдік көшбасшыға айналдыратын толыққанды платформа жөнінде әңгіме болып отыр. Мұны іске асыру үшін бір жылға жетер-жетпес мерзім беріліп отыр. Сол себепті бізге де шара қолдану керек. Әлбетте, Қазақстан жаһандық ауқымдағы көшбасшылыққа таласпайды. Бірақ өркениет көшінен қалмай, технологиялық жаңғыруды жылдамдату қажет. Ойланып-толғанып жүруге уақыт аз.

БЕСІНШІ. Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек.

Алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі. Алайда бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны жасырын емес. Олар жеке шаруашылық иелері және өнім өндеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Рас, мұндай теріс әрекеттерге тыйым салынбаған. Бірақ бұл ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға кедергі келтіреді.

Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алуымыз қажет.

«Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Мен Жолдауымда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыру туралы тапсырма бердім. Үкімет және Президент Әкімшілігі бұл жұмыспен айналысып жатыр. Нақты нәтиже күтемін. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал.

Көптеген аймақта мал бордақылайтын және мал соятын орындар тапшы. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтары жетіспейді.

Ал оңтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе – өте өзекті. Тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Жалпы, Үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі керек.



ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Мен биылғы Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл осыған дейінгі саяси өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсеміз, яғни еліміз Президенттік Республика болып қала береді. Жаңа бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Парламенттің құрылымына қатысты көптеген ұсыныс келіп түсуде. Мысалы, депутаттардың саны халық санына сәйкес, яғни пропорционалды болуға тиіс деген ойлар айтылуда. Мұндай ұстаныммен қарайтын болсақ, олардың саны 200 адамға жетеді. Қазір қос палатада 148 депутат бар.

Парламенттік реформа – екі палатаны жай біріктіре салу деген сөз емес. Меніңше, депутат санын тым көбейтудің қажеті жоқ. Керісінше, оңтайландыру керек, Парламенттің жұмысын жетілдіру қажет. Мысалы, бір палаталы жаңа Парламентте Президент квотасы болмайды. Барлық депутаттар бірдей тәртіппен сайлануы қажет. Бұл – алдағы Парламенттік реформа аясында жасалатын аса маңызды қадам. Мұны жақсы ұғынып, жұртшылыққа кеңінен түсіндіру қажет.

Заң шығару органына білікті әрі тәжірибелі мамандар, яғни өз ісінің майталмандары келуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, біз нағыз кәсіби Парламентті жасақтауымыз керек. Жаңа комитеттер құру мәселесін қарастыру қажет.

Цифрландыру, аймақтарды дамыту жұмысымен айналысатын комитеттер өз алдына бөлек болғаны жөн деп санаймын. Бұл мәселелерді арнайы жұмыс тобы мұқият зерделейді. Осы реформаға қатысты басқа да көптеген ұсыныстар бар. Соның бәрін әбден пысықтап, кейін жариялаймыз. Менің де осы аса маңызды реформа бойынша ұсыныстарым бар.

Жалпы, Конституциямызға енгізілетін түзету өте көп болуы мүмкін. Сондықтан референдум барысында халық жаңа Ата Заңға дауыс беретін болады деп айтсақ, қателеспейміз.

Осындай күрделі, жауапты жағдайда елімізде тыныштық, тұрақтылық болуы керек. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын бәріміз бір қоғам болып сақтауымыз керек. Құқық қорғау органдары өз кәсібилігін көрсетуі қажет. Арандатушыларға немесе «лас, көлеңкелі» саясатпен айналысқысы келетін адамдарға жол бермейміз.

****

Біз бүгін ауылға қатысты көптеген маңызды мәселені көтеріп, нақты міндеттерді айқындадық. Алдымызда тұрған міндеттің бәрін сапалы әрі жүйелі орындасақ, мақсатымызға жетеміз. Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек етуге жайлы болуға тиіс.

Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Бүгін әкім Жанар Нұрмұратқызы «Таза Қазақстан» қозғалысы жөнінде өте өзекті мәселе көтерді. Оған алғыс айтамын. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де – әкімдер. Мен Сіздерге зор үміт артамын. Әкімнің ең басты міндеті – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру.

Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауылдарымыз да көркейеді деген сөз. Сіздер ауылды өркендету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Ауыл халқы елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Мен осы сәтті пайдаланып, барлық ауыл тұрғындарына зор алғыс айтамын.

Мемлекет әрдайым ауылды қолдайды. Себебі ауыл – ұлтымыздың өзегі. Ауылды жаңа көзқараспен, озық оймен, жаңартылған тәсілдермен бірге дамытуымыз керек.

****

Бүгінгі жиында ауыл әкімдерімен қатар, Үкімет мүшелері және облыс әкімдері отыр. Өздеріңіз білесіздер, мен Үкіметке экономиканы сауықтыру үшін Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырдым.

Осыған орай, өткен аптада үш жылға арналған Макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Құжатта көрсетілген шаралар сапалы әрі уақтылы орындалуы керек.

Бұл жұмысқа облыс әкімдері белсене атсалысуға тиіс. Нақты ойластырылған ұсыныстарды Үкіметке енгізуге рұқсат беремін. Алдымызда тұрған басты мақсаттар: экономиканың тұрақты, сапалы өсімін қамтамасыз ету қажет; инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту қажет; жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыру керек; дайын өнім экспортын көбейту қажет.

Мемлекетіміздің алдында әлі де көптеген сынақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал тұрақты емес, келешегі бұлыңғыр деуге болады. Кейбір елдердің егемендігі, жерінің тұтастығы әлі толық шешілмеген, тіпті, бұл мәселе халықаралық даулардың өзекті тақырыбына айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі әлсіреп кетті, жаһандық экономика да құбылмалы күйде. Сондықтан бәріміз бір ұлт болып, қырағылықты сақтауымыз керек, жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәрбие беруіміз қажет, ішкі даулардан аулақ болып, ынтымақ-бірлігімізді нығайтуымыз керек. Жалпы, бәрімізге ортақ аса маңызды міндет – ел мүддесіне тиімді қызмет ету. Қазақстанның егемендігі, дербестігі, тәуелсіздігі – бәрінен қымбат. Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған ең биік мақсат. Мен ел Президенті ретінде бұл мақсатты орындау үшін барлық күш-жігерімді саламын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!



БАСЫМДЫҚТАРДЫ БЕЛГІЛЕДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкекте өткен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына қатысты. Саммитке Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон қатысты.

Мемлекеттер басшылары Ұйымға мүше елдердің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін қарастырып, биылғы ҰҚШҰ жұмысының негізгі бағыттарын қорытындылады. Сондай-ақ алдағы кезеңге арналған басымдықтарды анықтады. Президенттер ҰҚШҰ Бас хатшысы лауазымындағы қызметін аяқтап жатқан Иманғали Тасмағамбетовке алғыс айтты. Жиын барысында 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҰҚШҰ Бас хатшысы қызметіне үш жыл мерзімге Қырғыз Республикасының өкілі Таалатбек Масадыковты тағайындау туралы шешім бекітілді.

Отырыс қорытындысы бойынша Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясы қабылданды. Сондай-ақ Ұйымға мүше мемлекеттердің мүддесіне сай ұжымдық қауіпсіздік жүйесін жан-жақты жетілдіруге бағытталған бірқатар құжатқа қол қойылды. Мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

№141 (4885) 29/11/2025 Сенбі



ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚАҒИДАТТАР

ІШКІ САЯСАТТЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ ЖҮЙЕЛЕНДІ

«Egemen Qazaqstan» газетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің мақаласы жарық көрді. Мемлекет басшысы 5 қараша күні «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл – тарихи маңызы бар құжат. Себебі бұрын-соңды елімізде ішкі саясаттың идеологиялық бағыты мен ұйымдастырушылық аясын анықтайтын жүйелі, біртұтас акт болған емес.

ТАРИХИ ТҰЖЫРЫМДАМА

Тұжырымдамалық құжаттың қажет екені біраз уақыттан бері айтылып келді. Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында да сарапшылар мен қатысушылар осы мәселеге айрықша назар аударды.

Мемлекет басшысы бастаманы қолдап, Президент Әкімшілігіне аталған мәселені жан-жақты зерттеп-зерделеуді тапсырды. Ішкі саясат – мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығының басты тірегі. Тәуелсіздік алғалы елімізде әр кезеңде ішкі саясаттың басымдықтарына орай түрлі құжаттар, бағдарламалар қабылданды. Бірақ бұл құжаттарда саланың қағидаттары мен құндылықтары, мақсаттары мен бағыттары біртұтас жүйе ретінде көрсетілмеген еді. Керісінше кейде бір-біріне қайшы келетін нормалар кездесетін. Енді, міне, мемлекеттік деңгейде алғаш рет ішкі саясат ұғымы, оның мақсаттары мен міндеттері, бағыттары жүйелі түрде нақты айқындалып, бекітіліп отыр.

Кейінгі жылдары елімізде ауқымды саяси реформалар жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде мемлекеттік аппаратқа жаңа адамдар келе бастады. Мәселен, ауылдық округтердің әкімдері сайлануда. «Президенттік жастар кадр резерві» жобасы іске қосылды. Жүйеде буын алмасу үдерісі үздіксіз жүріп жатыр. Сондықтан ішкі саясат тұжырымдамасы мемлекеттік қызмет жүйесіне өзге салалардан келген басшылардың жаңа буынына көмекші құрал ретінде пайдалы болмақ.

Айрықша атап өтерлігі, құжатта еліміздің жалпыұлттық нышандары бекітілген. Мәселен, шаңырақ – ұлттық бірліктің, домбыра – ұлттық музыкалық аспаптың, Абайдың «Қара сөздері» ұлттық кітаптың нышаны болып айқындалды. Бұл нышандар елімізге тән ерекшеліктерді тануға, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және тарихи-мәдени мұрамызды сақтауға ықпал етеді. Сыншылардың кейбірі «бұл құжатта жаңа идеология неге жоқ?» деген сыңайда пікір айтып жатты. Алайда тұжырымдама әу бастан мұндай мақсатты көздеген жоқ. Оның үстіне біздегі саяси плюрализм, пікір алуандығы жағдайында бұл мүмкін емес. Құжаттың мәні – азаматтарымыз ұстанатын жалпыға ортақ қарапайым нормалар мен құндылықтарды бекіту. Яғни қоғамдық құрылым күрделенген сайын әртүрлі көзқарастағы, әртүрлі ұстанымдағы адамдарды біріктіретін ортақ құндылықтарды айқындау.

Әдетте мұндай құжаттар қабылданғанда ауқымды іс-шаралар жоспары мен бюджеті қоса қарайды. Бірақ қазіргі ұстаным басқа. Тұжырымдаманы дайындауда және бағдарламаны жүзеге асыруда қаржы талап ететін жобалар мен пиар-кампаниялар ұйымдастыру мақсаты белгіленген жоқ. Құжат ең алдымен, тұжырымдамалық негіз қызметін атқарады. Ішкі саясатты жүйелі басқаруда анық бағдар, айқын жол сілтеуге бағытталған.

ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

Қоғамда жаңа этика мен құндылықтар жүйесін орнықтыру – бір күнде атқарылатын шаруа емес, бұл кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жұмыс. Оған құрғақ ұран, жылтырақ идеологиямен қол жеткізу – бос әурешілік. Бұл жерде жалаң үгіт-насихат тиімсіз. Тіпті кері әсер етуі ықтимал. Бұл біздің жолымыз емес. Біз жұмыстың өз ырғағымен, өз арнасымен жүргенін қалаймыз. Айталық, жаңа саясаттың негізгі элементінің бірі ретінде «Заң және тәртіп» қағидаты айқындалды. Бұл – жеке адам мен қоғамдық қауіпсіздіктің іргетасы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Заң және тәртіп» мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты болып қала береді. «Заң және тәртіп» қағидаты қазірдің өзінде қоғамдағы оң өзгерістерге ықпал етіп отыр. Кейінгі бес жылда қылмыстық құқық бұзушылықтар екі есе азайды. Қоғамдық орындардағы қылмыс деңгейі 80 пайызға қысқарды. Заңға бағыну мәдениетін орнықтыру қоғамды жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруда «Таза Қазақстан» жобасының маңызы зор. Бірден айтайық, бұл бір сәттік экологиялық акция емес. Оның мәні – қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа жанашырлықпен қарау, вандализмге қарсы күрес, жауапкершілікті арттыру. Тәртіп табалдырықтан басталады. Әркім үйде де, аула мен көшеде де тазалық сақтаса, тәртіп орнайды. Тәртіпті сақтау, тазалықты ұстану саналы түрде жасалатын дағдыға ұласқаны абзал. «Таза Қазақстан» жобасының ел азаматтары тарапынан үлкен қолдауға ие болуы жұмыстың дұрыс арнада жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Кез келген институционалдық реформа, қоғамдық өзгеріс алдымен адамдарға бағытталады. Адамдардың санасы өзгермей, бірде-бір реформа жемісін бермек емес. Ал санаға сәуле түсіретін ортаның бірі – мектеп. Сондықтан құжатта өскелең ұрпақтың тәрбиесіне ерекше назар аударылған. Орта білім жүйесіне енгізілген «Адал азамат» бағдарламасы да қоғамдық құндылықтарды орнықтыруды көздейді.

Мемлекет басшысы бір сөзінде «Адал еңбек пен жауапкершілік – жаңа қоғамдық этиканың өзегі» деген болатын. Аталған құндылықтарды ілгерілету мақсатында 2025 жыл Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланды. Мемлекеттік наградалар жүйесіне жаңадан инженерлерге, құрылысшыларға, ғалымдарға, шахтерлерге және басқа да мамандық иелеріне арналған тоғыз атақ қосылды. Елімізде 74 кәсіби мереке аталып өтіледі. Соның ішінде Еңбек күнінің орны бөлек. Жыл сайын еңбек озаттары мен еңбек әулеттерінің өкілдері мемлекеттік наградалармен марапатталады. Бұл қадамның бәрі қоғамда еңбекқорлықты дәріптеуге, оны жаңа құндылық ретінде орнықтыруға бағытталған. Жалпыхалықтық құндылықтарды қорғау да – маңызды бағыттың бірі. Өйткені қоғамда шетелдің мәдени модельдері мен мінез-құлық нормаларын орнықтыру әрекеттеріне қатысты алаңдаушылық бар. Мемлекет бұған бейжай қарай алмайды. Сондықтан дәстүрлі құндылықтарды қорғау шараларын күшейтуге ниетті.

Республика күні мен Тәуелсіздік күнін, Наурыз бен Жаңа жылды, Ораза айт пен Құрбан айтты, Рождество мен Пасханы, Қазақстан халқының бірлігі күнін, Халықаралық әйелдер күнін кеңінен мерекелеу құндылықтарды қадірлеудің жарқын мысалы бола алады. Кейінгі жылдары Ұлттық рәміздер күнін, Отбасы күнін, Ұлттық кітап күнін, Ұлттық домбыра күнін мерекелеу жалпыхалықтық сипат ала бастады. Болашақта бұлардың қатары көбеюі мүмкін.

ЦИФРЛЫҚ ЭТИКА

Әлем тегеурінді трансформацияны бастан өткеріп келеді. Қоғамдық өмірдің негіздері мен құндылықтардың бағдары сәт сайын өзгеріп жатыр. Мәселен, жаңа технологиялар, әлеуметтік желілер жылдам дамып, этикалық нормалар соған ілесе алмай қалды. Сондықтан қоғамда жаңа этикалық нормаларды орнықтырудың маңызы арта түсті. Айталық, цифрлық платформалар дәстүрлі БАҚ монополиясын әлсіретті. Енді смартфоны бар кез келген адам жаңалықтың жаршысы бола алады. Бұл бір жағынан адамдардың пікір айту мүмкіндігін арттырса, екінші жағынан манипуляциялар мен жалған ақпаратқа жол ашып берді. Мұны мынадан-ақ аңғаруға болады: бұған дейін расталмаған ақпарат кездейсоқ жағдайда жарияланса, қазір ашықтан-ашық мақсатты түрде, көбінесе қоғамдық пікірге арнайы әсер ету үшін таратылады. Бұл – қоғамға қауіпті құбылыс. Мәселен, ақпараттық шу тудыру қоғамда көп кездесетін проблемаға айналды. Өкініштісі, соның көбі белгілі бір топтардың, жекелеген адамдардың мүддесі үшін жасалады. Пікірлердің, эмоционалды мәлімдемелердің, үстірт түсіндірмелердің көптігі қоғамдық талқылаудың сапасын төмендетеді, жалған иллюзия тудырады. Салдарынан шынайы және маңызды ақпарат расталмаған контенттің көлеңкесінде қалып қояды. Сондықтан жалған ақпаратты анықтап, күшін жоюмен ғана шектелмей, жаңа цифрлық этиканы қалыптастыру керек. Бұл дегеніміз – ақпарат тарату және контентті қабылдау мәдениетін орнықтыру.

Биыл көктемде «ақпараттық рәкет» феноменін айыптап, мәлімдеме жасадым. Бұған кейбір блогерлер мен белсенділер қызметінің кәдімгі бопсалауға ұласып бара жатқаны түрткі болды. Мұндай келеңсіз тәжірибелер бұған дейінгі кезеңдерде деструктивті элементтерге қатысты қолданылған «жалтақтау саясатының» салдарынан туындағаны мәлім. Бұл өз кезегінде жалған қоғамдық белсенділердің, блогерлердің, «айтқанға көніп, айдағанға жүретін» оппозиционерлердің көбеюіне жол ашты. Қазір олар кезіндегі құдіретті қолдаушыларынан да, жомарт клиенттерінен де айырылып қалды. Бірақ үйреншікті әдістен әлі де арыла алмай келеді. Бұлардың жұмыс схемасы да қарадүрсін: белгілі бір тақырыпты жоқ жерден ушықтырып, жұрт назарын аудартады, ал содан соң жазбаны өшіріп тастау үшін қомақты қаржы немесе мемлекеттік тапсырыс дәметеді. Бұл журналистикаға да, қоғамдық қызметке де жатпайды. Бұл нағыз «ақпараттық рэкет» болып саналады.

Бүгінде мемлекет ашықтық пен жауапкершілікке негізделген басқа саясатты ұстанып отыр. Сол себепті енді мұндай әдістерге жол бермеу қажет. «Ақпараттық рэкетті» ымырамен де, марапатпен де, келісімшартпен де қолдап-қуаттауға болмайды. Адамдар эмоцияның жетегінде кетіп, мәселенің байыбына бармай бойкот шараларына қосылуда. Осының салдарынан қоғамдағы алауыздық пен агрессия күшейеді. Әділетсіздіктің мән-маңызын түсінбей тұрып талқыға араласу, одан да зор әділетсіздікті туындатуы мүмкін екенін естен шығармаған абзал. Сондықтан болашақта бұл құбылысты да реттеу керек.

Жалпы, этностық, діни, тілдік немесе сыртқы саяси мәселелер сияқты күрделі әрі нәзік тақырыптарды эмоциямен талқылауға болмайды. Мұның соңы алауыздыққа, қоғамды бөліп-жаруға әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Сол себепті пікір жазғанда, қоғамдық талқылауларда ой айтқанда шектен шықпаған дұрыс.

Мемлекет қоғамдық тұрақтылыққа сызат түсіретін дүниелерге бейжай қарамайтыны белгілі. Әсіресе деструктивті контент тарату әрекеттеріне қатысты қатаң саясат ұстанады. Қазір Парламент қоғамдық-саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін контентті таратуға қатысты әкімшілік жауапкершілік енгізу жөніндегі түзетулерді қарастыруда. Аталған жаңашылдық осы саладағы заңға қайшы әрекеттердің алдын алуға ықпал ететін болады.

ЖҮЙЕЛІ ҚАДАМ, ТЫҢ ТӘСІЛ

Кейінгі жылдары елімізде орын алған саяси өзгерістер бір нәрсені анық байқатты: реформалар жоғары жақтың пәрменімен емес, керісінше кең ауқымды қоғамдық диалог арқылы қалыптасады. Соның нәтижесінде ел тұрғындарының, азаматтық қоғам институттарының, сарапшылардың бірлескен бастамалары мемлекеттік жаңғыртудың маңызды бөлігіне айналды. Түптеп келгенде, бұл да қоғамдағы жаңа мәдениеттің, жаңа құндылықтың қалыптасып жатқанын аңғартады.

Бүгінгі саясаттың басты ерекшелігі – өткен жылдардың тиімсіз тәжірибесінен алыстау. Бұған дейін мемлекеттік органдар жылдам нәтиже беретін PR-тәсілдерге ұмтылды. Көрер көзге әсерлі, бірақ тиімсіз шешімдерге басымдық берілді. Бір кездері билік те, қоғам да жылдам нәтиже беретін жұмыстармен әуестенді. Жұрт алдында жарқыратып көрсетіп, тез есеп беру әдеті қалыптасты. Сол тәсіл мемлекеттік басқару жүйесіне де, қоғамдық психологияға да дендеп енді. Есесіне көзге көрінбейтін, ұзақ мерзімге арналған шаруалар тасада қалып қойды.

Қазір жүйелілікке, практикалық тиімділік пен тұрақты нәтижеге басымдық берілген. Бүгінде мемлекет инфрақұрылым салу, әлеуметтік саланы жаңғырту, азаматтарға жайлы өмір сыйлау секілді нақты әрі жүйелі міндеттерді орындап отыр. Нәтижесі де көңілге қонымды. Кейінгі бес жылда Қазақстанның ішкі жалпы өнімі екі есе өсті. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің көлемі 14 мың доллардан асты. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1,5 есе ұлғайды. Кейінгі бес жылда 1 200 мектеп пайдалануға берілді. Кейінгі үш жылда денсаулық сақтау саласында 900 нысан ел игілігіне қызмет ете бастады. Азаматтардың орташа өмір сүруі 75 жасқа дейін ұзарды. Тұрғын үй құрылысының көлемі 19 млн шаршы метрге жетті. 2,4 мың шақырым автомобиль жолы, 880 шақырым теміржол салынды. 1 980 өндіріс нысаны іске қосылды.

Жарқын да жылдам «жетістіктерге» бойы үйрengендер мұндай нәтижелерді көзге ілмейді, әрине. Шын мәнінде, бұлардың бәрі – жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқан жұмыстар. Тек, біз бұрынғыдай жарқырата көрсетіп, жаппай жарнамалаудан тыйылдық. Жарнамасыз, ұрансыз, керісінше жүйелі қадамдар мен нақты тәсілдер арқылы жүзеге асырылып жатқан күнделікті жұмыстар дамуға бастайды, халықтың әл-ауқатын арттырады. Дәл осындай тәсілдер идеология саласында да қолданылып келеді. Ішкі саясат әсірелеусіз, көзбояушылықсыз реттеліп отыр.

Мемлекетіміз жүйелі әрі тиімді әрекет бағытын ұстанып отыр. Түрлі салада қордаланып қалған мәселелерді жедел реттеп, тұрақты құндылықтар мен институционалдық негіздерді қалыптастыру көзделген. Қабылданып жатқан шешімдер де уақытша әсерге емес, азаматтардың мүддесі мен ұлттық стратегиялық басымдықтарға негізделген. Бұл – салмақты саясаттың қағидаттары.

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі



ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Әр адам елім маған не береді деп емес, мен еліме не беремін деген қағидамен өмір сүруі керек. Осыдан 18 жыл бұрын ұлым екеуміз Астанаға көшіп келгенде өзім банк саласының қызметкері болғандықтан, алдымен банкке жұмысқа орналастым. Кейін құрылыс компаниясының менеджері болдым. Қазіргі Amanat ол кезде «Нұр Отан» партиясы деп аталатын. Сол партиямен жақынырақ танысып, тәжірибесі мол адамдардан үйрену мүмкіндігіне ие болдым.



Нәтижесінде 2011 жылы партияға мүшелікке өтіп, семинарлар мен тренингтерге қатыса бастадым. Қалалық мәслихатқа да осы партия арқылы келдім.

Біздің депутаттар тұрғындардың мүддесін ескере отырып, өзекті мәселелерді көтереді және инфрақұрылымның, әлеуметтік саланың дамуы мен қала тұрғындарының жалпы әл-ауқатына тікелей әсер ететін шешімдер қабылдауға қатысады. Менің ойымша, мәслихаттың негізгі миссиясы – халық пен билік арасында байланыс орнату, қаланың тұрақты дамуына ықпал ету және оның әрбір тұрғынының өмір сүру сапасын арттыру. Бүгінгі таңда депутаттық корпустың алдында қалалық инфрақұрылымды дамыту, абаттандыру, бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету және қаражатты тиімді пайдалану секілді басым міндеттер тұр.

Төртінші сайлау округінің депутаты ретінде тұрғындармен тұрақты кездесіп тұрамын. Олар көбіне аялдамаларды, аулаларды, балалар мен спорт алаңдарын абаттандыруға қатысты мәселелерді, сондай-ақ автобустардың жетіспеушілігі және балаларды мемлекеттік балабақшаларға қабылдаудағы қиындықтарды көтереді. Полиция бөлімшелері мен бағдаршамдарды адам көп жүретін орындарға орнату туралы өтініштер де жиі келіп түседі. Біз әрбір қала тұрғынының өз ауданында және жалпы қала өмірінде оң өзгерістерді сезінуі үшін жұмыс істеуге тырысамыз.

Депутаттардың халықпен өзара іс-қимылы ашық диалог және тұрақты кері байланыс қағидаттарына негізделген. Бұл ретте біз тұрғындармен үнемі кездесулер өткізіп қана қоймай, проблемалық нысандарға барып, қоғамдық қабылдау бөлмелерінде, Amanat партиясының қалалық филиалында және онлайн форматта да азаматтардың өтініштерін қабылдаймыз, сондай-ақ округтерде көшпелі кездесулер ұйымдастырылып тұрады. Мен болсам мәслихат қабырғасында азаматтарды жеке қабылдауды ай сайын жаңа айдың бірінші сейсенбісінде өткіземін.

Бүгінде қала тұрғындары мәслихат шешімдеріне әсер етудің нақты тетіктері бар. Ол – жария тыңдаулар, бастамашыл топтар, «Халық қатысатын бюджет» және ұжымдық өтініштер. Адамдардың қатысуымен қабылданған шешімдер дәлірек болады және ол халықтың нақты қажеттіліктеріне жақындайды. Мәслихат жұмысының тиімділігі ашықтыққа және халықпен тұрақты өзара іс-қимылға тікелей байланысты екеніне сенімдімін. Егер тұрғындармен кездесуден кейін кем дегенде үш-төрт мәселені шешуге көмектессе, бұл – нәтиже. Адамдар депутат жай тыңдап қана қоймай, шынымен, көмектесетінін көреді. Ал азаматтар өздерінің пікірлері ескерілгенін сезгенде, билікке деген сенім де артады.

Бюджеттік шешімдердің ашықтығы да маңызды рөл атқарады. Тұрғындар қалалық бюджеттің қалай құрылатынын, қаражаттың қайда бағытталатынын және олардың ауданында қандай жобалар жүзеге асырылып жатқанын толық түсінеді. Депутаттардың атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастығы, сондай-ақ қала тұрғындарымен қарым-қатынас жасау үшін цифрлық платформаларды белсенді пайдалану тиімділікке ықпал етеді. Қалалық бюджетті қарау кезінде әлеуметтік бағыттарға, атап айтсақ, білім беру, денсаулық сақтау, абаттандыру және көлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Мен үшін мектептерді, балабақшаларды, спорт және ойын алаңдарын салуға, жөндеуге жеткілікті көңіл бөлу өте маңызды, өйткені бұл балалардың жайлылығы мен дамуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар аулаларды абаттандыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жарықтандыру және қоғамдық кеңістіктерді дамытуға барынша назар аударылып келеді. Бюджетті қалыптастыру кезінде біз адамдардың пікірін ескеруге тырысамыз, өйткені олар проблеманың қалай туындағанын жақсы біледі. Ең бастысы, жұмсалған әрбір теңге қала тұрғындарына пайда әкеліп, олардың күнделікті өмірін жақсартуға бағытталуы керек деп есептеймін.

Басқармалардың өтінімдері әрқашан бюджет мүмкіндіктерінен көп. Сондықтан қаражатты бөлу кезінде бірінші кезекте әлеуметтік маңызды және шұғыл жобаларды қолдау үшін нақты басымдықтар қойылады. Бюджетті атқару кезіндегі негізгі ескертулер қаражаттың уақытылы игерілмеуіне, бюрократиялық кідірістерге және мемлекеттік сатып алудың ұзаққа созылған рәсімдеріне қатысты болады. Меніңше, ақшаны тиімді пайдалану үшін проблемаларды жазып қана қоймай, олардың себептерін жедел жою маңызды.

Бүгінде бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі ашықтық пен жауапкершілікке ерекше көңіл бөлінеді. Ашық есеп берулер, жария тыңдаулар өтеді, мониторингтің цифрлық құралдары енгізіледі және депутаттық бақылау күшейеді. Тұрғындардың өздері қаражаттың қайда бара жатқанын көре алуы маңызды. Сондықтан «Халық қатысатын бюджет» жобасы мен қоғамдық кері байланыс тетіктері белсенді дамып келеді. Мұның бәрі процесті ашық әрі тиімді етуге көмектеседі.

Келесі жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде денсаулық сақтау саласына – медицина мекемелерінің құрылысы мен жөндеуіне, жабдықтарды жаңартуға және кадрларды қолдауға ерекше назар аудару жоспарлануда. Бұл ретте білім беруге, абаттандыруға және инфрақұрылымға баса назар аударылады, өйткені мұның бәрі адамдардың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

Жұмыс барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуға назар аударамын. Бұл механизм қалалық инфрақұрылымға инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, қалалық мәслихат депутаттары көтерген әрбір бастама адамдарға пайдалы болып, елордамызды өмір сүруге ыңғайлы қала етеді.

Мәдина ӘЖІКЕНОВА,
Астана қаласы мәслихатының депутаты

АУДАНДАРДА АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР АУҚЫМДЫ

Қалалық бағдарламаларды іске асыру мониторингі шеңберінде Астана қаласы мәслихатының депутаттары бірқатар көшпелі отырыс өткізіп, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бағдарламасының іске асырылуымен танысты, бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін бағалады және елорданы дамытудың басым бағыттарын талқылады.



Халық қалаулылары алдымен Алматы ауданындағы бірқатар жаңартылған қоғамдық кеңістіктер мен демалыс аймақтарына барды, олардың көпшілігінде абаттандыру жұмыстары аяқталған. Атап айтқанда, Оқушылар сарайының алдындағы 13 мың шаршы метрден асатын аумақта бастапқыда тротуар плиталарын төсеу жоспарланған болатын, бірақ жұмыс соңында смета құнын сақтай отырып, ұзаққа созылатын және эстетикалық материал – мәрмәр плиткалар қолданылды. Қ.Рысқұлбеков көшесіндегі жаңартылған қоғамдық кеңістіктер тұрғындар үшін жайлы демалыс аймағына айналды.

Жазғы маусымның басынан бастап ауданда аула аумақтарын, Триатлон паркінің көпір асты кеңістігін, Б.Момышұлы даңғылы мен Күйшілер аллеясы бойындағы Футбол федерациясының жанындағы бос орынды абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар Ш.Қалдаяқов көшесінде бұрын жоспарланған тұрғын үй кешенінің орнында жаңа сквердің құрылысы аяқталуда. Нысанның дайындығы 95%-ды құрайды және жобаны толық аяқтау үшін қосымша қаржыландыру мәселесі қарастырылуда.

Көшпелі отырыс Нұра ауданында жалғасты. Онда депутаттар ағымдағы жобаларды іске асыруды және жақын болашаққа арналған басым міндеттерді айқындады. Бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігіне, абаттандыру сапасына және әлеуметтік бастамаларды іске асыруға ерекше назар аударылды.

Одан соң депутаттар Сарайшық ауданының абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту объектілерінің жай-күйімен танысты, сондай-ақ бөлінген қаражатты игерудің тиімділігін тексерді. Маршрут аясында олар қауіпсіздік, жаяу жүргіншілер аймақтары мен автотұрақтарды ұйымдастыру мәселелеріне назар аудара отырып, 1,7 шақырымдық Highvill тұрғын үй кешенінің аумағын қарады. Сондай-ақ халық қалаулылары елорданың көрнекті нысандары – Бейбітшілік және келісім сарайында, «Әзірет Сұлтан» мешітінде, Тәуелсіздік сарайында және Ұлттық музейде болып, туристік және мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселелерін талқылады.

2026-2028 жылдарға арналған бюджет жобасын қалыптастыруға дайындық аясында мәслихат депутаттары елордадағы халқы ең тығыз қоныстанған аудандардың бірі – Сарыарқа ауданына ат басын бұрды. Оның 6770 гектар аумағында 352 мыңнан астам адам тұрады, 994 көппәтерлі үй, 609 аула және 315 көше бар. Жұмыс барысында депутаттар аудан аумағында орналасқан нысандардың жай-күйімен, ағымдағы жобалардың іске асуымен танысып, коммуналдық қызметтер мен мердігер ұйымдардың өкілдерімен кездесті. Мұндағы 156 аула жөндеуді қажет ететіні аталды, сондай-ақ 52 учаскеде су басудың алдын алу шаралары және ауданды цифрландыру мәселелері талқыланды.

Осындай кездесулердің басты мақсаты – қалалық бюджеттің қалай пайдаланылатынын және аудандық әкімдіктердің қалалық орта мен инфрақұрылымды жақсартуда қандай нәтижелерге қол жеткізетінін кешенді бағалау. Мәслихат депутаттарының қатысуымен өткен барлық көшпелі отырыстар барысында халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуге және қолжетімді қалалық орта құруға бағытталған жобаларға ерекше назар аударылды. Депутаттар аудандардағы оң өзгерістерді атап өтті. Олардың айтуынша, қалалық ортаның сапасын арттыру және барлық жастағы тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау үшін осындай басқосулар аса маңызды.

Мониторинг барысында жиналған барлық материал мәслихаттың бейінді комиссияларымен жүйеленіп, Астана қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджетінің жобасын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

№141 (4885) 29/11/2025 Сенбі



ЖҰМЕКЕННІҢ ЖҰЛДЫЗЫ

28 қараша күні аса көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан әнұраны авторларының бірі Жұмекен Нәжімеденовтің туғанына 90 жыл толды. Астананың жаңа әкімшілік орталығында ақынның атына көше берілген. Шәмші Қалдаяқов көшесінен басталып, ұзыннан-ұзақ «Нұрлы жол» вокзалына дейін кең көсіліп жатқан бұл көше А-62 көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 5524,9 метр. Бұрынғы атауы – №23-11 желекжолы.

«МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

Шәмші мен Жұмекен өткен ғасырдың 50-жылдарының соңына қарай «Менің Қазақстаным» әнін жазып, жаңа ғасырда бұл шығарма елдің әнұранына айналғаны бәріне белгілі. Осы тұрғыдан елордада қатар жатқан қос көшенің ақын мен композитор аттарына берілуі өте жарасымды шешім болды.

Ал Шәмші мен Жұмекенді байланыстыратын шын мәнінде өлмес туынды тарихын композитор көзі тірісінде өзі туралы деректі фильм түсірген кинорежиссер Тілеген Ахметовке айтып берген. Шәмшінің естелігі Жұмекеннің болмысын да ашатындықтан, соны келтіре кеткен артық болмас.

«1959 жылдың аяғында «Менің Қазақстаным» деген әнді жазуға тура келді. Кезінде біздің солтүстіктегі бес облысымызды «Целинный край» қылып бөліп жатқан болатын... Бұл шу шығып, айқай шығып жатқан сол кезде жазылған ұран әніміз еді. Оның сөзін жазған – Жұмекен Нәжімеденов деген жас талантты қазақтың ақыны. Жұмекен екеуміз бірге оқитын едік. Ол домбырашы жігіт еді, консерваторияда оқыған. «Сенің кеудеңде қазақ деген қаның бар ғой. Сен әнге сөз жаз, мен әнін жазайын» дедім. Соны Жамал апа (Омарова – А.Қ.) қағып алды да, радиоға барып орындады. Радиодағы жігіттерге «күніне бір-екі рет беріп қойыңдар» деп айтып қойдық... Сөйтіп жүріп, өзімізше бір патриоттық іс қозғағандай болып, жерімізді біз қайтарып алғандай қуандық ішімізден» деген еді Шәмші.

Шынымен, ақын мен композитор елдің рухын көтеретін туынды жазып, мақсатына жетті. 1986 жылдың желтоқсанында қазақ жастары осы әнмен алаңға шықты. 2006 жылдың 6 қаңтарында Нұрсұлтан Назарбаев мәтінді өңдеп, өзінің Жарлығымен «Менің Қазақстаным» әнін Қазақстан әнұраны ретінде бекітті.

АҚЫН МЕН ҚАРАША АЙЫ

Жұмекеннің өмірбаянына үңілсек, қараша айы ақын өмірін айқындайды. Осы айда ол Атырау облысындағы Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келіп, 48 жасына 6 күн қалғанда, 22 қараша күні Алматыда фәниден бақиға көше барды.

Балалық шағы Екінші дүниежүзілік соғысқа тап келді. Әкесі Сабыр майданға кетіп, содан оралмады. Сондықтан болашақ ақын атасы Нәжімеденнің бауырында өсіп, тәрбиеленді. Орта мектепті бітіргеннен кейін бір жыл орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Содан кейін Қарағандыдағы №33/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып жұмыс істеді.

ҚАРАҒАНДЫ КҮНДЕРІ

Батыс перзентінің Сарыарқаға келу себебін жұмекентанушы Марат Азбанбаев былай тарқатады.

«1955 жылдың қыркүйегінде Қарағанды қаласының шахтерлері бүкіл Қазақстан жастарына үндеу тастап, көмір өндіруге шақырған. Оған Жұмекен де алғашқылардың бірі болып 16 қыркүйекте «Шахтаға мен де барамын» деген өлеңімен үн қосты да, Қарағандыға аттанды».

Осы жерде шахтерлердің әнби ансамблі құрамына қабылданып, 1956 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауына қатысады. Қорытынды концертте КОКП XX съезі делегаттарының алдында күй тартып, «Қараторғай» әнін шырқайды. Содан кейін оның өнеріне шахтаның кәсіподақ жетекшісі Әукебай Кенжин қолдау көрсетіп, Алматыдағы консерваторияға барып оқуға мүмкіндік жасайды. Жұмекен мен Шәмші дәл осы уақытта танысады. Ақын күйші Құбаш Мұхитовтың сыныбына қабылданып, одан төрт жыл дәріс алады.

«КҮЙ КІТАБЫНЫҢ» ҚҰДІРЕТІ

Жұмекеннің көзін көргендер оның асқан күйші болғанын айтады. «1956 жылдың шуақты күнінің бірінде Жұмекенді Ғұбайдолла Ержанов деген азамат маған алып келді. Ол өлең айтумен қатар домбыраны да бір кісідей тартады екен. Маған оның тартқан Мәменнің «Ақ шолпан», «Қайғылы қара» күйлері өте ұнады. Мұндай өнер талантын алмағанда кімді аламыз?!» деп еске алған еді кейіннен Қ.Мұхитов «Сегіз қырлы еді» атты естелігінде. Ұстазының бұл сөзі мен ақынның 1967 жылы шыққан «Күй кітабы» атты жинағы күйшілігіне көз жеткізеді. Онда ол күй атасы – Құрманғазының, Дина Нұрпейісованың, Тәттімбеттің, Дәулеткерейдің, тіпті «Ақсақ құлан», «Нар идірген» секілді халық күйлерін поэзия тілінде шебер сөйлеткен. Бірақ Жұмекен жұртқа күйші емес, ақын ретінде танылды. Өленді өндірте жазды. Соның ішінде баллада, поэма секілді әдебиеттің соқталы жанрларында өнімді еңбек етті. Сол жеміссіз емес еді. Ұлы Отан соғысының қасіреті туралы «Жоқ, ұмытуға болмайды!» деген дастандар жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды.

ЖЫРЛАРЫНА БОЙЛАҒАН ЖОҚПЫЗ

«Бүгінгідей, эстрада мен космостың, химия мен футболдың заманында поэзия атқарар істің, поэзия көтерер жүктің зорайып, ауырлап көрген кезі жоқ шығар. Поэзияның жаңашыл жанр екені жалпыға аян. Ол жаңаның жаңасын, жақсының жақсысын кешегі күннің тәжірибесіне сүйене отырып, ертеңгі күнге естіртіп, соған өлшеп айтуға тиіс. Сонда ғана ол осы күні көп айтылып жүрген дәуір тынысы, уақыт рухы деген талаптар деңгейінен шыға алады» деп жазды ақын «Поэзия туралы» мақаласында. Осыдан оның өлең сөзге қояр талабы айқын көрінеді.

> Ақын мен композитор елдің рухын көтеретін туынды жазып, мақсатына жетті. 1986 жылдың желтоқсанында қазақ жастары осы әнмен алаңға шықты. 2006 жылдың 6 қаңтарында Нұрсұлтан Назарбаев мәтінді өңдеп, өзінің Жарлығымен «Менің Қазақстаным» әнін Қазақстан әнұраны ретінде бекітті

Осы уақытқа дейін ақын туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ. Бірақ күні бүгінге шейін Жұмекеннің жырларына бойлаған жоқпыз. Біздіңше, ақынның шығармашылығы тереңдігімен, аңғарымпаздығымен, кішкентай көріністен көп нәрсені көре алуымен, тосын тіркестерімен, өленderінің ерекше формасымен ерекшеленеді.

Абайсыз кеткен талайды,
Талайсыз өткен сөзіңді
Аяймын;
Заманға қарап – Абайды,
Абайға қарап – өзімді
Аяймын, – дейді ақын. Осы қысқа ғана өлеңінде түсінген адамға көп мағына жасырынып жатыр.

ҮШ РОМАН НЕМЕСЕ ПРОЗА ПАРҚЫ

Жұмекен поэзиямен ғана шектелген жоқ. Прозаға да қалам тартып, әдеби сын, аударма жанрларында да еңбектенді. Соңында «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» атты үш роман, «Бетпе-бет», «Домбыра және көсеу», «Аспан шақырады» повестері мен ондаған әңгіме қалдырды.

«...Егер Жұмекен ешуақытта өлең жазбай, осы үш романды ұсынған автор ғана болса, сөз жоқ, қазақ прозасының төрінде тұрар еді. Жазушылар арасындағы асқар бел саналар еді...» деп жазады белгілі публицист Қайнар Олжай. Әріптес ағамыздың бұл сөзіне қосыламыз. Осы жағдай Жұмекеннің шығармашылығын әлі де зерттей түсу керек деген ойға жетелейді.

КҮНДЕЛІКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Ақынның артында күнделіктері де қалды. Жұмекен 1983 жылдың жазында ауруханаға түсті. Оның өмірі мен шығармашылығына арналған zhumeken.kz сайтында осы кезеңдегі жазбалары енгізілген. «Мені жұрт қиын ақын санайды... Мен әу баста-ақ сюжетпен, оқиғамен сөйлеуге (немесе мысалдап деуге келер ме екен) бейімдеу едім. Желдің есіп, жапырақтың сылдырап тұрғанының өзіне – адами психология, мінез беруге тырысқаным өз алдына – оқиғалық сипат бердім» деп жазады соның бір жерінде өзінің шығармашылық лабораториясынан хабар беріп. «Жұрт ғұмыр бойы маған тиісіп келеді. Ал мен әлі жауап бергем жоқ. Еңбек! Жауаптың да, сұрақтың да көкесі – сол еңбек» дейді тағы. Өмір сауалдарына ақын жанкешті еңбегімен жырлары арқылы жауап берді...

P.S: ***Астанадағы Жұмекен Нәжімеденов көшесіне жақын жерде Ұлттық музей орналасқан. Онда ақынның пиджағы, галстугы, дипломаты мен портсигары сақталып тұр. Бұл жәдігерлерді 80 жылдығы тұсында қызы Әйкен «Музейге сый тарту» шарасының аясында тапсырған. «Жұмекеннің жұлдызы оның жырларын терең ұққандар көбейе түскен сайын биіктей береді» деп жазды көрнекті қаламгер Әбіш Кекілбайұлы. Біз соған сенеміз.***

ЖАҢАША ЖАҢҒЫРДЫ

Шекспир шығармаларының қазақ сахнасына келгеніне 90 жылға жуықтады. Бұған заңғар жазушы Мұхтар Әуезов бастамашы болып, 1938 жылы «Отеллоны» қазақ тіліне аударса, бұл спектакль келесі жылы қазақ театрында сахналанды. Яғни Шекспирдің драмалық туындылары арасында қазақ көрерменіне алғаш ұсынылғаны – «Отелло».

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры репертуарында бұл шығарма бар. Осы аптада өнер ошағы «Ромео мен Джульеттаны» синема-эпос жанрында жаңаша жаңғыртты. Киноның көркемдік мүмкіндіктерін қазақ халқының жанына етене жақын эпоспен үйлестіріп, спектакльді сахналаған – Ресейдің театр және кино режиссері Ұланбек Баялиев.

Оның айтуынша, жанр таңдағанда Еуропа мен Азия көрерменінің шығарманы қабылдау ерекшеліктері ескерілді. Яғни менталитет пен болмысты есепке алғанда, бұл жанрдың ұтымдылығы да, болашағы да, өзектілігі де өте зор. Ал спектакльді сахналауды қолға алғанда режиссер көрерменге ізгілік нұрын себуді ойлады.

Текетірес, тайталаспен
ғұмыр кешіп ұдайы
Бас жарылып, көз шығарып,
күнде дал-дұл жағасы.
Екі әулеттің ұл мен қызы
көңілдері қосылып,
Опа таппай опат тапты,
тіпті қыршын жасында.
Сойыл құмар содарлар да
қасіреттен тосылып,
Бейуақ тамған бейкүнә қан
басу болды ашуға...

Ә.Кекілбайұлының көркем тілі көрерменді осылай тарта жөнеледі. Жалпы спектакль желісі жалықтырмайды. Қоюшы режиссер тың жанрды ғана таңдамай, бүгінгі заманның билері, қазіргі сән үлгілері арқылы қызықтырады. Хореограф Салтанат Сұңғатты ақтерлермен жақсы жұмыс істегені көрініп, аталмыш театр мен Jado сән үйінің бірлескен жұмысы нәтижесінде костюмдер тігілді. Қойылым Олжас Дәлелхан жетекшілік ететін театрдың Theatre Avenue бэнді орындайтын музыкамен көркемделді.



«Мені «Ромео мен Джульеттаны» орыс тіліне аударған Борис Пастернактың «Өшпенділік пен мейірімділік» деген сөзі шабыттандырды. Көпшілігі бұл шығармадан махаббат қасіретін ғана көреді. Бірақ өшпенділік жайлаған қазіргі заманда, мемлекеттер арасындағы соғыстар, отбасындағы жанжалдар көбейіп тұрғанда адамзатты махаббат қана емес, мейірімділік те құтқарады. Осы спектакльді сахналағанда соны көрсеткім келді» дейді Ұланбек Баялиев.

Қойылым көрерменге әдебиетіміздің алыбы Әбіш Кекілбайұлының аудармасымен жол тартты. Шымылдық ашылғанда Шекспирдің өзі сахнаға шыға келгендей әсерде болдық. Бірақ бұл Лоренцо пірадар бейнесіндегі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Өтеуіл болып шықты. Ромео мен Джульеттаның махаббатын қоштап, қос ғашықтың некесін жасырын қиятын бұл кейіпкер спектакльде жетекші орындардың бірін алады. Қойылымның кіріспесі де оның мына сөздерімен басталады:

Веронаның екі дүрдей
ығайы мен сығайы
Әлімсақтан қырғи қабақ,
қым-қуыт дау арасы,

Қорыта айтқанда, кез келген фестивальге ұялмай апаратын спектакль шықты. Алда көрерменді осы театрдағы тағы бір әлемдік классика күтіп тұр. Қаллекиліктер 27-28 желтоқсанда Лев Толстой шығармасының желісімен «Анна Каренина. Роман парақтары» драмасының премьерасымен осы жылды түйіндейді.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

26.11.2025 №510-4602

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «26» 11
№ 510-4602 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 17 қазандағы №37-924қ қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшада келесі мазмұндағы қосымшаға сәйкес реттік нөмірі бар жолдармен толықтырылсын:

«

Астана қаласы әкімдігінің
2007 жылғы «17» қазандағы
№37-924қ қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-088-873	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	788	380	Астана қаласы, «Алматы», ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, № 20 уч.	Бағбанды	Жеке меншік
2.	21-318-088-368	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	547	547	Астана қаласы, «Алматы», ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, №44 учаске	Бағбанды	Жеке меншік
3.	21-318-088-378	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	551	551	Астана қаласы, «Алматы», ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, 55-уч.	Бағбанды	Жеке меншік
4.	21-318-088-453	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	560	560	Астана қаласы, «Алматы», ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, № 138 уч.	Бағбанды	Жеке меншік
5.	21-318-088-380	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	640	640	Астана қаласы, «Алматы», ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, № 62 уч.	Бағбанды	Жеке меншік
6.	21-318-088-272	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	790	790	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, № 14 уч.	Бағбанды	Жеке меншік
7.	21-318-088-512	«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	903	903	Астана қаласы, «Алматы», ауданы, «Электрик-12» бау-бақша қоғамы, 201 уч.	Бағбанды	Жеке меншік

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы № 510-924 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 24 шілдеден 2024 жылғы 24 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 22 ақпаннан 2027 жылғы 22 ақпанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қантардағы № 510-63 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2025 жылғы 17 наурыздан 2026 жылғы 17 наурызға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 22 ақпаннан 2027 жылғы 22 ақпанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 маусымағы № 510-1618 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 76-жол «Садыкова Агайша» деген сөздер «Досыбаев Азамат Муратович» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 37-жол «Орымбасаров Кайрат Булатбекович, Курманалиева Салтанат Кайрулиевна» деген сөздер «Князев Сергей Станиславович» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 37-жолға «Ортақ бірлескен меншік» деген сөздер «Жеке меншік» деген сөздермен ауыстырылсын.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН TELEGRAM АРҚЫЛЫ ЖҮГІНУ МҮМКІНДІГІ ПАЙДА БОЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бастамашылығымен 2024 жылы азаматтарға арнап Telegram бот-платформасы мобильді қосымшасы нақты уақыт режимінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымданудың жаңа тетігін енгізді.

Ыңғайлы интерфейсі бар функцияны қолдану арнайы дағдыларды талап етпейді. Ол үшін қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу кезінде туындаған проблемалық мәселелері бойынша уәкілетті органмен байланысын жеңілдету үшін «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасына жүгінуі жеткілікті. Бұл сервис арқылы азаматтар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіруге немесе бизнес-процестерді оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарында жолдауына болады. Осылайша, Астана қаласы бойынша аумақтық департаментіне азаматтар тарапынан медицина, білім, әлеуметтік салаға қатысты 500-ге жуық арыз-шағым, өтінімдер мен ұсыныстар келіп түскен болатын және барлығы уақытылы қарастырылып, азаматтар мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты сұрақтарына жауаптарын алды.

Агенттік азаматтардың құқығын қорғау және мемлекеттік қызмет көрсету механизмін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыс жүргізеді, ал мемлекеттік қызметтерді алудағы заң бұзушылықтардың алдын ала отырып, осы бағыттағы жұмыстарды қамтамасыз ету – департаменттің басты міндеті.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 22 желтоқсан сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Түркістан көшесі, 24/4 учаскесінде орналасқан нысан бойынша «Поликлиника, көпфункционалды кешен» 3, 4, 5-қабаттар түрінен «Кіріктірілген үй-жайлары, паркингі және білім беру орталығы бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» 2, 3, 7, 8, 9-қабаттар түріне өзгерту бөлігіндегі егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарын әзірлеу бойынша. Тапсырыс беруші – «BINA Group» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана-Теплотранзит» АҚ 2026-2030 жылдарға арналған жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтерінің, оның ішінде жылу энергиясын есепке алу құралдарының болуына немесе болмауына байланысты тұтынушылардың топтары бойынша сараланған тарифтердің бекітілгені туралы хабарлайды.

2026 жылдың 1-тоқсанында 2025 жылдың деңгейінде тарифтер қолданылатынына жылу энергиясын тұтынушылардың назарын аударамыз.

Толығырақ ақпарат https://a-tranzit.kz/tarif-i-tarifnaya-smeta мекенжайындағы «Астана-Теплотранзит» АҚ интернет-ресурсында орналастырылған.

Құрметті ата-аналар!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4 140 000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) – АИТВ инфекциясының пайда болуына себепкер кішкентай вирус. Оның адам ағзасына енуі ісік жасушалары мен қоздырғыштарын анықтау және жою арқылы адам ағзасын аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін иммундық жүйенің әлсіреуі мен бұзылуын тудырады.

Вирус адам ағзасына еніп, иммундық жүйенің жасушаларына әсер етіп, оның нәтижесінде иммундық тапшылықтың ЖИТС синдромы басылып, дами түседі. Науқастың ағзасы инфекциялар мен ісіктерден қорғану мүмкіндігін жоғалтып, иммундық жағдайы қалыпты адамдарға тән емес қайталама оппортунистік аурулар пайда болады. АИТВ инфекциясы қалай көрініс табады: иммун тапшылығы вирусының инкубациялық кезеңі бар, ол шамамен 3-6 апта. Осы уақыттан кейін 50-70% жағдайда жедел фебрильді фаза басталып: жоғары температурамен (көбінесе 37,5°С жоғары емес); тамақ ауруымен; буындардағы, бұлшық еттердегі ауырсынумен; бас ауруымен; ұйқышылдықпен, жалпы әлсіздікпен, тәбеттің төмендеуімен; лимфа түйіндерінің ұлғаюымен; жүрек айнуымен, диареямен, құсумен; тері бөртпелерімен, шырышты зақымданулармен; серозды менингитпен (өте сирек) бірге жүреді. Кәдімгі суық тию мен АИТВ-инфекциясының алғашқы белгілерін шатастыру оңай, олар спецификалық болмай және 1-2 аптадан кейін өтеді (жедел фебрильді фаза қанша уақытты алады, науқастың иммунитет жағдайына байланысты). Әдетте, жұқтырған сәттен бастап 1-3 айдан кейін ағзада АИТВ-ға антиденелер пайда болып, нәтижесінде ауру симптоматикалық түрге ауысады. Кейбір науқастарда бұл кезең 10 жылға дейін созылса, ал кейбір науқастарда бұл кезең мүлдем болмайды. Көбінесе ЖИТС-тың алғашқы белгілері өкпенің зақымдануында, Капоши саркомасының дамуында, шырышты қабаттар мен терінің саңырауқұлақ зақымдануында, кандидоздарда, пневмоцистикалық пневмонияда және ұзақ мерзімді безгекте көрінеді. 10% жағдайында АИТВ-инфекциясы жылдам өтіп, сәйкесінше ЖИТС өте тез көрінеді – әдетте, вирусты жұқтырғаннан кейін бірнеше апта өткен соң науқастың жағдайы нашарлай түседі.

АИТВ-дан қорғану шаралары

Жыныстық қауіпсіздік: Әрбір жыныстық қатынаста, әсіресе кездейсоқ серіктестермен презерватив қолданыңыз. Бір ғана тұрақты серіктеске адал болыңыз. Қауіптің алдын алу үшін жыныстық қатынастан бас тарту да тиімді жол.

Медициналық және косметикалық процедуралар: медициналық және косметикалық процедуралар кезінде (татуировка, пирсинг, маникюр, егу және т. б.) тек стерильді немесе бір реттік құралдардың қолданылуын талап етіңіз. Біреумен ортақ ұстара, тіс щеткасы, маникюр құралдарын пайдаланбаңыз.

Инъекциялық есірткілер: инъекциялық есірткі қолданбаңыз. Егер қолдану тоқтатылмаса, әрдайым жаңа, бір реттік ине мен шприцті пайдаланыңыз және оларды ешкіммен бөліспеңіз.

Контактқа дейінгі профилактика: жоғары жұқтыру қаупі кезінде дәрігердің ұсынысы бойынша вирусқа қарсы препараттарды қабылдау арқылы инфекция жұқтыру қаупін азайтуға болады.

Постконтактылық профилактика: егер қорғанусыз жыныстық қатынас немесе басқа да қауіп туындаса, 72 сағат ішінде дәрігерге жүгініп, 28 күндік вирусқа қарсы ем қабылдау қажет.

Анадан балаға берілуінің алдын алу: АИТВ жұқтырған жүкті әйелдер жүктілік, босану және бала емізу кезінде баласына вирус жұқтырмау үшін антивирустық ем қабылдауы қажет.

Тестілеу: АИТВ мен жыныстық жолмен берілетін басқа инфекцияларға тұрақты түрде тексерілуден өтіңіз.

АИТВ-ны анықтауға арналған иммуноферменттік талдау (ИФТ) инфекция жұққаннан кейін бірнеше апта өткен соң ғана нәтиже береді. Бұл талдау вирустың өзін емес, оған қарсы антиденелерді анықтайды. Кейбір адамдарда антиденелер 2 аптада, ал көпшілігінде 3 айда анықталады. Сондықтан сенімді нәтиже алу үшін тәуекел жағдайынан кейін 3 ай күту қажет. 3 ай өткен соң тест 95-98% жағдайда дәл нәтиже көрсетеді.

АИТВ-ға тегін тексерілуді Астана қаласының кез келген медициналық мекемесінде өтуге болады. Барлық сұрақтар бойынша мына сенім телефонына хабарласыңыз: 8 (7172) 38-04-64 немесе келесі мекенжайға барыңыз: Астана қ., І.Есенберлин көшесі, 5/1, АИТВ-инфекциясының алдын алу және оған қарсы күрес орталығы.

С.ҚҰЛЖАНОВА,
Астана қаласы әкімдігі
АИТВ инфекциясының
алдын алу орталығының
инфекционист дәрігері

Туберкулез – микобактерия туберкулез (МБТ) тудыратын жұқпалы ауру. АИТВ жұқтырған адам аурудың кез келген сатысында туберкулезбен ауыруы мүмкін. Туберкулез инфекциясының негізгі көзі – науқастың қақырығы.

АИТВ КЕЗІНДЕ ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

Жөтелу, түшкіру кезінде қақырықтағы МБТ бөлшектері аэрозоль түрінде қоршаған ортаға тарайды. Осылайша, туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдар жұқтыруы мүмкін. Байланыс неғұрлым тығыз болса, жұқтыру қаупі соғұрлым жоғары. Өкпе туберкулезімен ауыратын адам өз ауруы туралы білмей, жылына 10-нан астам адамды жұқтыруы мүмкін.

АИТВ инфекциясы бар адамдарда иммунитеттің төмендеуіне байланысты туберкулезге шалдығу қаупі әлдеқайда жоғары. АИТВ жұқтырған адамның туберкулезбен ауыратын адаммен байланысы өте қауіпті.

Туберкулездің негізгі белгілері: дене қызуының 37°С-тан жоғарылауы, әлсіздік, қатты терлеу, іш өту, іштің ауыруы, жөтел (көбіне құрғақ). Бұл белгілерге ерекше назар аудару қажет, егер АИТВ жұқтырған науқастың иммундық статусы төмен болса (CD4+ лимфоциттері 350 кл/мкл-ден төмен) немесе тез төмендеп жатса, не болмаса ол антиретровирустық терапия (АРТ) қабылдамай жүрген болса.

Егер туберкулез уақытында емделмесе, АИТВ жұқтырған адамдарда плеврит (плевра қуысында сұйықтықтың жиналуы), перикардит (жүрек қабында сұйықтықтың жиналуы), менингит (ми қабықтарының қабынуы) және туберкулездік сепсис (қанның инфекциялануы) дамуы мүмкін. Мұндай асқынулар дер кезінде анықталмаса, көбіне өлімге алып келеді.

АИТВ жұқтырған адамдарда туберкулездің алдын алу медициналық және медициналық емес шараларды қамтиды.

Медициналық шаралар: антиретровирустық терапияны (АРТ) қабылдау; дәрігердің тағайындауы бойынша туберкулезге қарсы химиопрофилактика жүргізу.

Медициналық емес шаралар: салауатты өмір салтын ұстану (дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйықтау, зиянды әдеттерден бас тарту, таза ауада серуендеу); инфекцияны ерте анықтау үшін туберкулезге жүйелі түрде тексеруден өту (әр 6 ай сайын флюорография).

Туберкулездің алдын алудың негізгі бағыттары: АРТ қабылдауды дер кезінде бастау. Бұл терапияны ЖИТС орталығының инфекционист дәрігері тағайындайды. АРТ қабылдау – иммундық жүйені сақтап қалудың ең тиімді тәсілі. Туберкулезге тұрақты профилактикалық тексеруден өту. АИТВ анықталған сәттен бастап және әрі қарай әр 6 ай сайын тексерілу қажет. Туберкулезге қарсы химиопрофилактика жүргізу.

Дәрігер-фтизиатр профилактикалық мақсатта туберкулезге қарсы препараттарды тағайындайды. Бұл әсіресе CD4 деңгейі 350 кл/мкл-ден төмен немесе туберкулезбен байланыста болған адамдар үшін маңызды.

Химиопрофилактика келесі жағдайларда тағайындалады:

– туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болғаннан кейін;

– туберкулин немесе туберкулездік рекомбинантты аллергенмен жасалған тері сынамалары оң нәтиже бергенде;

– бұрын (АИТВ жұққанға дейін) туберкулезбен ауырған немесе өкпеде бұрынғы туберкулез іздері болса;

– туберкулез жұқтыру қаупі жоғары орындарда болған жағдайда (тергеу изоляторы, түрме және т. б.);

– CD4+ лимфоциттер деңгейі 350 кл/мкл-ден төмендегенде.

Туберкулезге қарсы химиопрофилактика АИТВ жұқтырған адамдарда жасырын туберкулез инфекциясынан белсенді түрінің дамуын немесе қайта жұқтыру қаупін азайтады. Медициналық емес профилактика: салауатты өмір салтын сақтау; ақуызға және дәрумендерге бай тағаммен дұрыс тамақтану; толыққанды ұйқы және созылмалы күйзелістен аулақ болу; жүйелі түрде таза ауада серуендеу және физикалық белсенділікті арттыру; темекі шегуден, алкоголь және есірткі заттарын қолданудан бас тарту. Туберкулезді дер кезінде анықтау үшін жыл сайынғы медициналық тексеруден өтіп, кеуде қуысы мүшелерінің флюорографиясын жасау қажет. Дәрігердің тағайындауы бойынша «Диаскинтест» сияқты тері сынамалары да қолданылуы мүмкін.

Дәрігердің барлық нұсқауын қатаң сақтау керек: антиретровирустық және туберкулезге қарсы дәрілерді өз бетіңізше тоқтатпаңыз; туберкулезбен ауыратын адамдармен байланыстан аулақ болыңыз; емдеу курсын толық өтіңіз, өзіңізді жақсы сезінсеңіз де емді үзбеңіз!

Г.НҰРҒОЖИНА,
Астана қаласы әкімдігі
АИТВ инфекциясының
алдын алу орталығының
инфекционист дәрігері

№141 (4885) 29/11/2025 Сенбі

ДОМБЫРАШЫЛАР МЕРЕКЕСІ

Кеше Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен қазақ халқының ерекше рухани құндылығы – күй өнерін сақтау мен насихаттауға бағытталған дәстүрлі «Астана – күй қанатында» атты III қалалық домбырашылар фестивалі басталды. Соның аясында «Күйшілік өнердің қазіргі жағдайы мен болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды.

Байқауды республикалық «Күй анасы» қоры үшінші рет өткізіп жатыр. Дөңгелек үстел отырысы барысында күй саласын зерттеп жүрген ғалымдар ойларын ортаға салып, өзекті мәселелерді талқылады.

«Қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Осы тарихымыздың ішінде қазақ өнерінің алатын орны ерекше. Күй – қазақтың тұнып тұрған тарихы. Күйшілік өнерін бүгінге жеткізуге еңбек сіңірген күйшілеріміз, күй өнерін зерттеушілеріміз бар. Соның ішінде Дина Нұрпейісованың алатын орны бір төбе. Қазақ халқының ұлттық аспаптары, соның ішінде домбыраның мәртебесін көтеріп, кеңінен насихаттауды мақсат тұтып отырмыз» деді республикалық «Күй анасы» қоғамдық қорының басшысы Төлеген Қуанышев.



К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Домбыра» кафедрасының профессоры Айтжан Тоқтаған күй өнерін зерттеу және сақтау, насихаттау мәселесінің өзекті болып отырғанын айтты.

«Күй кәсіби жолмен дамып, күйді зерттеуге бағытталған жақсы бастамалар қолға алынып жатыр деп айта аламыз. Бұл – академик Ахмет Жұбановтың, оның шәкірттерінің – бүгінгі зерттеушілер еңбегінің жемісі. Күй – құны жетпес қазына. Оның сақталуына ерекше назар аударуымыз керек» деді Айтжан Тоқтаған.

Қалалық домбырашылар фестивалі балалар мен жастар арасында патриотизмді, рухани құндылықтарды және ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Оған 14-18 және 19-35 жас аралығындағы күй орындаушылар қатысады. Қорытындысы 5 желтоқсан күні жарияланады.

Бақытжан ОТАРБАЕВА

ТӨРТ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Алматы аудандық филиалына қарасты «Әдемі» этно-фольклорлық ардагерлер ансамблі «Түркістан – өнерпаз әлемі» байқау-фестивалінен олжалы оралды. Осыған орай, кеше өнер ұжымына құрмет көрсетіліп, ансамбльдің шағын концерті өтті.



Ансамбльдің көркемдік жетекшісі Жалдыбай Байғараұлының айтуынша, Түркістан төрінде ұжым «Хормен ән айту» және «Вокал» аталымдарында ансамбль мүшесі Гүлбаршын Матаева бас жүлдені, «Аспаппен орындау» мен «Вокал» аталымдарында ансамбль мен әнші Бибігүл Шайқыстанова бірінші орынды жеңіп алды. Көркемдік жетекшісіне алғыс хат тапсырылды. Ең үлкен олжа – «Әдемі» ансамбліне келесі жылы Гүржістан және Әзербайжан мемлекеттерінде өтетін шығармашылық байқауларға жолдама берілді. Ерекше атап өтерлігі, барып-қайту жолын ұйымдастырушы тарап көтереді. Байқау барысында өнер ұжымы Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасында концерт берді. Өнер ұжымын осынау жеңісімен Астана қаласы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев құттықтап, сый-сыйпат жасады. Ұжым жүлде алған нөмірлерден ән-күй шалқытты. Соның ішінде өзгеше өңдеуде Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым», Аман Малдыбаевтың «Көне Тараз» күйлері, Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі», Ержан Серікбаевтың «Сен үшін» әндері, Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан үзінді әуеледі.

ӘН МЕН ТІЛДІҢ ТОҒЫСЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Жаңа асу» байқауы аясында жүзеге асып жатқан «Танымал шетелдік музыкалық шығармалардың мәтіндерін қазақ тілінде жаңғырту» жобасының «Ән мен тіл тоғысы» атты музыкалық-шығармашылық кеші өтті. Іс-шарада әлемге танымал 100 әннің қазақша аударма нұсқалары алғаш рет көрерменге ұсынылды.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әлемдік танымал әндердің мәтінін қазақ тіліне аудару арқылы лингвомәдени мәселелерді айқындау, музыка-поэтика мәтіндерінің көркемдік табиғатын сақтай отырып, ұлттық тілде жаңғырту мақсатында өткен кеш барысында «My heart will go on», «Bailando», Майкл Джексонның «You're not alone», Валерий Меладзенің «Красиво», Юрий Антоновтың «Мечты сбываются», «Крыша дома твоего», сондай-ақ «Cheri cheri lady», «Хуторянка», Dabro тобының «Юность», One Direction тобының «Night changes» сынды әлемдік хиттердің қазақ тіліндегі жаңа нұсқалары орындалды.

– 2018 жылы Гиннесстің рекордтар кітабына енген әлемге әйгілі Notre Dame de Paris мюзиклін композитор Риккардо Коччантемен бірге қазақ тіліне аударған едім. Алғаш рет 1998 жылы Париж қаласында қойылған мюзикл әлемнің 9 тіліне аударылған екен. Содан бері әлемнің танымал әндерін аударсақ деген ой жүрген, оның жүзеге асуына университетіміздің ректоры Ерлан Сыдықов үлкен қолдау білдірді. «Қазір караокеге барсаңыз әлемнің танымал әндері өте көп, оны сол ұлттың тілінде айтуға екінің бірінің ебі келмейді. Сенің бұл жағынан тәжірибең бар ғой, өзің бас боп аударып көрсең қайтеді?!» деп қолдау білдіргеннен кейін «Жаңа асу» жобасы аясында әлемнің 100 әнін аудардық. Бұл – ұжымдық жұмыс. Келешекте аударма нұсқаларымызды караокелерге ұсынамыз, – деді жоба жетекшісі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы, «Топжарған» ақындар клубының жетекшісі, ақын, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазы.

АУЫЛ КӨРІНІСТЕРІ – АСТАНАДА

Елордадағы «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығында «Ауыл» партиясы республикалық «Ауыл нақыштары» фотобайқауының жеңімпаздарын анықтады, сондай-ақ байқаудағы ең үздік жұмыстардың көрмесі өтті.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Биылғы байқауға еліміздің 20 өңірінен 678 қатысушыдан 3366 фотосурет келіп түскен. Жұмыстар «Ауыл пейзаждары», «Еңбек адамының фотопортреті», «Фоторепортаж» секілді негізгі номинациялар бойынша қабылданды. Сонымен қатар биыл алғаш рет «Ауылдағы бақытты балалық» атты жаңа номинация енгізілді.

«Ауыл» партиясы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен шығарған «Ауыл нақыштары» көркем фотоальбомының ресми таныстырылымын өткізді. Іс-шара барысында театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, «Elorda Aqparat» медиахолдингінің директоры Олжас Сыдықбек, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Жигули Дайрабаев, Қарақат Әбден, Анас Ахатұлы фотоальбомның тұсауын кесті. Фотоальбомға биылғы байқауда ерекшеленген туындылар енгізілген.



Байқаудың тағы бір маңызды бөлігі – «Көрермендер көзайымы» номинациясы. Бұл номинация бойынша жеңімпаз Telegram желісіндегі дауыс беру нәтижесінде анықталды. Әлеуметтік желі қолданушылары 10 финалист арасынан өзіне ұнаған жұмысты таңдады. Аталмыш номинацияны Атырау облысының фототілшісі Маркс Қалқаманов жеңіп алды. Сондай-ақ негізгі «Ауыл пейзаждары» номинациясында 3-орынды Ерлан Омаров, 2-орынды Мейірбек Тажкуранов және 1-орынды Досжан Балабекұлы иеленді. Ал «Еңбек адамының фотопортреті» номинациясында 3-орынды Қайсар Шерімов, 2-орынды Тлеубек Шаяхмет алса, 1-орынды Ержан Нұрпейісов жеңіп алды. Кезекті «Фоторепортаж» номинациясында үздік жұмыспен танылып, 3-орынмен Азамат Хусаинов марапатталса, 2-орынды «Егемен Қазақстан» газетінің фототілшісі Ерлан Омаров иеленді. Бұл номинацияда 1-орынды Мейірбек Тажкуранов жеңіп алды. «Ауылдағы бақытты балалық» номинациясының жеңімпазы Батыс Қазақстан облысының фотожурналисі Мират Қоржынбаев атанды. Топтан қара үзіп шығып, шығармашылығымен көпті тәнті еткен Мақсат Шағырбаев «Ауыл нақыштары» республикалық фотобайқауының бас жүлде иегері атанды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 141

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ